

Білім беру бағдарламасына енгізілген толықтырулар мен өзгертулер

Білім беру бағдарламасының атауы	Тізілімге тіркелген күні	Төлқұжаттың жаңартылған күні білім беру бағдарламасы	Білім беру бағдарламасына енгізілген толықтырулар мен өзгертулер
6B07213 6B07213 Қайта өңдеу өндірісінің технологиясы (салалар бойынша)	19.07.2019	07.08.2023	1. Оқу жоспарынан ЖББ ПТ циклінен 1 пән алынып тасталды: Тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау негіздері. ЖББ ПТ циклінің оқу жоспарына 2 пән қосылды: Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері, Ғылыми зерттеу негіздер. 2.БП ПТ циклінен 1 пән алынып тасталды: Қоғамдық тамақтандыру технологиясы. БП ПТ цикліне 1 пән қосылды: Тағамдық массалардың адгезиясы. 3. БП МК циклінен 1 пән алынып тасталды: Инженерлік экология. БП МК цикліне 1 пән қосылды: Кондитерлік өнімдер өндірісінің технологиясы. 4. БП МК цикліндегі пән бойынша кредит көлемі өзгертілді: АӨК негіздері 5 кредиттен 3 кредитке қысқартылды. 5. БП ПТ цикліне 1 пән қосылды: Дән физиологиясы. 6. ПД ПТ циклінен 2 пән алынып тасталды: Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалау, Бизнес-жоспарлау. ПД ПТ цикліне 2 пән қосылды: Қоғамдық тамақтандыру технологиясы, Өсімдік шикізатынан алынатын экстракттар, концентраттар және сусындар технологиясы. 7. ПД ПТ циклінен 2 пән алынып тасталды: Маркетинг, Статистика. ПД ПТ цикліне 2 пән қосылды: Өнім қауіпсіздігі, Көпдәнді өнімдер өндірісінің технологиясы. 8. ПД ПТ циклінен 2 пән алынып тасталды: Жобаларды талдау, Басқарушылық талдау.
		06.08.2024	1. Оқу жоспарынан ЖББ ПТ циклінің «Экология және тұрақты даму» пәні алынып тасталды. 2. ЖББ ПТ цикліндегі пән атауына өзгеріс енгізілді: «Экономика, көшбасшылық және инновациялық кәсіпкерлік негіздері» атауы «Экономика және кәсіпкерлік негіздері» болып өзгертілді. 3. ЖББ ПТ цикліне «Қаржылық сауаттылық негіздері» пәні қосылды. 4. БП МК цикліндегі «Бейорганикалық және органикалық химия» пәні оқу нәтижелері сақтала отырып, «Органикалық, бейорганикалық және аналитикалық химия» пәнімен алмастырылды. 5. «Қайта өңдеу өндірістерінің микробиологиясы және санитариясы» пәні БП ПТ циклінен БП МК цикліне ауыстырылды. 6. БП ПТ циклінен «Астықты қабылдау және сақтау кезінде сынау, бақылау және қауіпсіздік» пәні алынып тасталды. 7. БП МК цикліндегі «Кондитерлік өнімдер өндірісінің технологиясы», «Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» пәндерінің сипаттамасына түзетулер енгізілді. 8. «Элеватор өнеркәсібінің технологиясы» пәнінің мемлекеттік тілдегі атауына өзгерістер енгізілді.

		9.ПД ПТ циклінен «Биоматериалдар реологиясы», «АӨК қалдықтарын қайта өңдеу технологиясы» пәндері алынып тасталды. 10. ПД МК цикліне «Жобаларды басқару» пәні қосылды. 11. БП ПТ циклінен «Қайта өңдеу өндірістерінің ғылыми зерттеу негіздері» пәні алынып тасталды. 12. «Кәсіпкерлік» майнор пәндерінің атауы мен сипаттамасына түзетулер енгізілді. «Көшбасшылық негіздері» пәнінің атауы «Бизнес-ойлау және көшбасшылық негіздері» болып өзгертілді. «Кәсіпкерлік қызмет» пәні «Деректерді талдау және бизнес-жоспарлау» пәнімен алмастырылды. 13. Білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде екі кәсіби стандарт пайдаланылды: 1. «Нан-тоқаш және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндірісі» (Еңбек функциясы 1: өндірісті ұйымдастырушылық-технологиялық қамтамасыз ету – ОН2, ОН9; Еңбек функциясы 2: өндірісті жедел басқару – ОН1). 2. «Дәнді дақылдар өндірісі» (Еңбек функциясы 1: автоматтандырылған ауыл шаруашылығы кешендерін немесе роботтарды қолдана отырып, дәнді дақылдарды егу және егістікті арамшөптерден тазарту – ОН3, ОН6). 1. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жаңарту кезінде пайдаланылатын «Жарма өндірісі» кәсіби стандарты career.enbek.kz платформасына енгізілмеген. – «Жарма өндірісінің бас технологы» кәсіп картасы: Еңбек функциясы 1 – өндірістік-технологиялық (ОН7, ОН1). 2. Инклюзия құндылықтары ЖББ цикліндегі «Психология», «Социология» пәндерінде және ЖББ ПТ цикліндегі «Экономика және кәсіпкерлік негіздері» пәнінде көрініс тапқан. Аталған пәндерде тең құқықтар, толеранттылық, инклюзия, халықаралық ұйымдардың бейбітшілік пен тұрақты дамуды қолдаудағы рөлі, сондай-ақ халықтың осал топтарын әлеуметтік және экономикалық интеграциялаудың құралы ретінде инклюзивті бизнес мәселелері қарастырылады. ОН4, сонымен қатар, әлеуметтік-саяси білім модулін қамтитын ЖББ циклінің пәндерін меңгеру арқылы инклюзия құндылықтарын зерделеуді қамтамасыз етеді. 3. Тұрақты даму қағидаттары ЖББ және БП МК циклдерінің пәндерінде көрініс тапқан: «Мәдениеттану» пәні ТДМ 4 – «Сапалы білім» мақсатына қол жеткізуге ықпал етеді, мәдениетті тұрақты дамудың, әділетті және инклюзивті білім берудің негізі ретінде қарастырады, сондай-ақ өмір бойы білім алуды ынталандырады.
	20.07.2025	«Саясаттану» пәні ТДМ 16 – «Бейбітшілік, әділет және тиімді институттар» мақсатын іске асыруға бағытталған. «Дене шынықтыру» пәні ТДМ 3 – «Салауатты өмір және әл-ауқат» мақсатына қол жеткізуге ықпал етеді, денсаулық мәдениетін, дене белсенділігін дамытуды және

		аурулардың алдын алуды қамтамасыз етеді. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні мына тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді: – ТДМ 4 – «Сапалы білім» – цифрлық сауаттылықты қалыптастыру және цифрлық ортада білім алуға қажетті дағдыларды дамыту арқылы; – ТДМ 8 – «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу» – цифрлық экономика үшін кадрлар даярлау арқылы; – ТДМ 9 – «Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым» – технологиялық дамудың негізі ретінде АКТ-ны меңгеру арқылы; – ТДМ 10 – «Теңсіздікті азайту» – цифрлық білім мен технологияларға тең қолжетімділікті кеңейту арқылы. «Қаржылық сауаттылық негіздері» пәні тұрақты даму басымдықтарын ескеруге ықпал етеді: – ТДМ 8 – «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу» – қаржылық сауаттылықты, кәсіпкерлік ойлауды және саналы кәсіби таңдауды дамыту арқылы; – ТДМ 12 – «Жауапты тұтыну және өндіріс» – жауапты қаржылық мінез-құлықты, шығындарды жоспарлауды және тұтынушылық жауапкершілікті қалыптастыру арқылы. «Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері» (ТДМ 6, 12, 13, 15) – экологиялық ойлау мен қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, денсаулықты қорғау, таза су, климаттық тұрақтылық, ұтымды тұтыну және экожүйелерді сақтау сияқты жаһандық мақсаттарға сәйкес міндеттерді қамтиды. «Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» (ТДМ 5, 16, 17) – гендерлік теңдік, құқықтық институттарды нығайту, әділеттілікті қамтамасыз ету, әріптестікті дамыту және тиімді басқару сияқты тұрақты дамудың жаһандық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді. БП МК цикліндегі «Функционалдық мақсаттағы өнімдер технологиясы» пәні ТДМ 2 – «Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тамақтануды жақсарту және тұрақты ауыл шаруашылығына жәрдемдесу» мақсатын қалыптастыруға ықпал етеді. 4. БП МК цикліндегі «Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» пәні аясында білім алушылар тағам өнеркәсібінде жасанды интеллект технологияларын қолдануды меңгереді. 5. Оқу жоспарынан БП ПТ цикліндегі «Тағамдық массалардың адгезиясы» пәні алынып тасталды. 6. Оқу жоспарынан ПД ПТ цикліндегі «Өсімдік шикізатынан алынатын экстракттар, концентраттар және сусындар технологиясы» пәні алынып тасталды. 7. «Функционалдық мақсаттағы өнімдер технологиясы» пәні БП ПТ циклінен БП МК цикліне ауыстырылды.
--	--	--

		8. «Қоғамдық тамақтандыру технологиясы» пәні ПД ПТ циклінен ПД МК цикліне ауыстырылды. 9. ОН4 бойынша түзетулер енгізілді: Ескі редакция: «Кәсіби және әлеуметтік қызметте ұйымдастырушылық-басқарушылық, тілдік дағдыларды қолданады, салалардың жай-күйін және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметін талдайды, заңнамалық актілерді сақтай отырып, бизнес-жоспар құрастырады». Жаңа редакция: «Әлеуметтік-мәдени, тарихи және құқықтық аспектілерге сүйене отырып, инклюзия құндылықтарын ұстанып және тұрақты даму мақсаттарына бағдарлана отырып, кәсіби және әлеуметтік қызметте ұйымдастырушылық-басқарушылық және тілдік дағдыларды қолдану, салалардың жай-күйі мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметін талдау, заңнамалық актілерге сәйкес бизнес-жоспар құрастыру». 10. ОН6 бойынша түзетулер енгізілді: Ескі редакция: «Тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі өнімдерін өндірудің технологиялық процестерін жетілдіру бойынша іс-шаралар әзірлейді». Жаңа редакция: «Жасанды интеллект элементтерін қолдана отырып, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі өнімдерін өндірудің технологиялық процестерін жетілдіру бойынша іс-шаралар әзірлеу». Негіздеме: «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының отырысы, № 6 хаттама, 27.01.2025 ж. ҚР ЖОБББМ өзгерістері: 04.03.2025 ж., 22.04.2025 ж.
--	--	--